

Тұрғын үй көмегін ұсыну Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXI сессиясының 2010 жылғы 9 шілдедегі N 581/21 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 тамызда N 8-8-82 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXVIII сессиясының 2011 жылғы 10 қарашадағы N 754/38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXVIII сессиясының 2011.11.10 N 754/38 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн мерзімі аяқталғаннан кейін ол күшіне енеді) Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңына сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тұрғын үй көмегін ұсыну Ережелері бекітілсін.
2. Осы шешімнің қосымшасына сай кейбір шешімдердің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>С е с с и я</i>	<i>т ө р а й ы м ы ,</i>	
	<i>қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>	
<i>хатшысы</i>	<i>Ә. Сатова</i>		
Шахтинск	қалалық	мәслихатының	
2010	жылдың	9	шілдесіндегі
XXI	сессиясының		шешіміне
қосымша			

Күші жойылды деп танылған шешімдердің тізімі

1. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2006 жылғы 10 қазандағы XXVII сессиясының "Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету

үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесін бекіту туралы" N 240/27 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу Тізілімінде тіркеу нөмірі 8-8-28, 2006 жылғы 3 қарашадағы N 43 (842) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған, 2006 жылғы 10 қарашадағы N 44 (843) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған).

2. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі XXXIV сессиясының "Шахтинск қалалық Маслихаттың "Азаматтарға тұрғын үй жәрдем ақыларын және тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудегі ұсыныстар Ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 10 қазандағы XXVII сессиясының N 240/27 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" N 312/34 шешімімен өзгеріс енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу Тізілімінде тіркеу нөмірі 8-8-42, 2007 жылғы 7 қыркүйектегі N 36 (886) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған).

3. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2008 жылғы 3 сәуірдегі V сессиясының "Шахтинск қалалық Маслихатының 2006 жылғы 10 қазандағы XXVI сессиясының "Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесін бекіту туралы" N 240/27 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" N 390/5 шешімімен өзгеріс енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу Тізілімінде тіркеу нөмірі 8-8-52, 2008 жылғы 16 мамырдағы N 19 (921) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған).

4. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі XII сессиясының "Шахтинск қалалық Мәслихатының 2006 жылғы 10 қазандағы XXVII сессиясының "Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесін бекіту туралы" N 240/27 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" N 468/12 шешімімен өзгеріс енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу Тізілімінде тіркеу нөмірі 8-8-66, 2009 жылғы 22 мамырдағы N 21 (974) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған).

5. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 03 шілдедегі XIII сессиясының "Шахтинск қалалық Мәслихатының 2006 жылғы 10 қазандағы XXVII сессиясының "Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация

желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесін бекіту туралы" N 240/27 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 488/13 шешімімен өзгеріс енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу Тізілімінде тіркеу нөмірі 8-8-71, 2009 жылғы 16 қазандағы N 42 (995) "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған).

Шахтинск	қалалық	мәслихатының
2010	жылғы	9 шілдедегі
N	581/21	шешімімен

бекітілген

Тұрғын үй көмегін ұсыну Ережелері

Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелері (әрі қарай – Ережелер) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылдың 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылдың 14 сәуіріндегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылдың 2 қарашадағы N 1092 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" қаулысына сәйкес өңделді және аз қамтылағын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу механизмін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
екінші деңгейдегі банкілер –Қазақстан банкінен басқа, Қазақстан Республикасының ұлттық Банкінің лицензиясы бар, банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейіндегі барлық банкілер;
күрделі жөндеу – негізгі қордың белсенді және әрекетсіз бөлімдерін жай өндіріп, өзінің нормалық қорын жұмсаған, және негізгі қордың әлі тозбаған элементтерін бәрін қамту арқылы ірі жөндеу жолында барлау қорларын пайдалану мақсатында, тозған бөлшектер, желілер, машина, ғимарат, құрылыс бөлшектері, толық ауыстырылады;
кондоминиум нысанының басқару органы – кондоминиум нысанын күтіп ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген отбасының тоқсан алдындағы, алдағы тоқсандағы алған табыстарының жалпы сомасы;

өтініш беруші - жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға;

тұрғын үй көмегі – мемлекеттік тұрғын үй қорында тұрғын үй ғимараттарын (пәтерлерін) жалдаушыларға (жалға алушы) немесе жекешеленген тұрғын үйлерде (пәтерлерде) тұратын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум нысанының жалпы мүлігінің күрделі жөнделуіне қаражат жинау жарнасына және күрделі жөндеуге, жеке тұрғын үй қорында жергілікті орындаушы органмен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға, байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне және коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығындарды өтеуге аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) мемлекет тарапынан ұсынылатын көмек;

тұрғын үй инспекциясы – Қазақстан Республикасының тұрғын-үй заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізетін жергілікті орындаушы органның құрылымдық бөлімшесі;

уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

шекті - ұйғарынды шығыстар үлесі – отбасының бір айлық шекті- ұйғарынды шығыстар деңгейінің қатынасы кондоминиум нысандарының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуіне, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақысына жұмсалған отбасының жиынтық кірісіне пайыздағы қатынасы;

шот - қызмет көрсетуді және оның бағасын немесе тауардың жеткізілуін растайтын және сатып алушының (тұтынушының) атына сатушымен (жабдықтаушымен) жазылатын тауарлық құжат;

2. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) мынандай төлемдерге ұсынылады:

жекешелендірілген тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға; газ және қатты жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін),

коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

тұрғын үйдің жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) немесе жеке иесі болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне; жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға.

Тұрғын үй көмегінен есепке алынатын, аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) шығындары, жоғарыда көрсетілген әр бағыттың шығыс сомасы р е т і н д е а н ы қ т а л а д ы .

3. Тұрғын үй көмегі Шахтинск аумағының аймағында тұрақты тұратын отбасыларға (азаматтарға), мына жағдайларда ұсынылады, егер жекешелендірілген тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, газ және қатты жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйдің жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) немесе жеке иесі болып табылатын отбасыларға (азаматтарға), байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне және жергілікті атқарушы органмен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемге, шығындар өтемақы өлшемдері қамтамасыз етілетін шектік нормада болса, бірақ жекешелендірілген тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, газ және қатты жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйдің жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) немесе жеке иесі болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне және жергілікті атқарушы органмен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға нақты ш ы ғ ы н д а р д а н к ө п е м е с .

Отбасы бюджетінде осы мақсаттарға арналған шығыстар шекті – ұйғарынды үлестен асып түседі, жекешелендірілген тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, газ және қатты жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін),

коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйдің жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) немесе жеке иесі болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) байланыс қызметтері, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне және жергілікті атқарушы органмен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға, шекті – ұйғарынды шығындардың үлесі 10 % көлемінде отбасының жиынтық табысына белгіленеді.

4. Тұрғын үй көмегінің көлемі, кондоминиум нысанының жалпы мүлігінің күрделі жөнделуіне қаражат жинауға жарналарға және (немесе) күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, газ және тығыз жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), өтемақы өлшемдерімен қамтамасыз етілген тұрғын үйді шектік нормада пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға, байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне төленген соманың және осы мақсаттарға жұмсалған отбасы шығындарының шекті - ұйғарынды деңгейіндегі үлесінің арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

2. Өтемақы өлшемдерін қамтамасыз ететін мөлшерлерді анықтау

5. Тұрғын үй көмегі өтініш берушінің тұратын жері бойынша уәкілетті мемлекеттік ұйыммен келесі нормалар бойынша беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген отбасының әр мүшесіне ұсынылған (18 шаршы метр), көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін әлеуметтік норма - 30 шаршы метр тұрғын үй нормаларына баламалы;

2) газ тұтыну мөлшері: орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда- айына 8 килограмм;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – айына 10 килограмм;

3) электр қуатын тұтыну мөлшерлері: газ плиталарымен жабдықталған үйлерде – тұрғын үйге айына 150 киловатт; электр плиталарымен жабдықталған үйлерде – тұрғын үйге айына 250 киловатт;

4) сәйкестіктегі қызметтік түріне тарифтерді бекіту кезінде қызмет берушімен қарастырылған нормалар бойынша есептеледі (пәтерлерді иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері) басқару нысанына қарамастан пайдалану шығындарын және қоқысты жою, ыстық су, кәрізді, суық суды тұтыну;

5) қатты жағармайды тұтыну нормасы:

1985 жылға дейінгі құрылыстағы тұрғын үй ғимараттары үшін аумақтың 1 шаршы метрін жылыту 7 айлық жылу мерзіміне есептегенде – 1-2 қабатты құрылыстағы үйлер үшін 161 килограмм, 3-4 қабатты құрылыстағы үйлер үшін 9 8 к и л о г р а м м ;

1985 жылдан кейінгі құрылыстағы тұрғын үй ғимараттары үшін аумақтың 1 шаршы метрін жылыту 7 айлық жылу мерзіміне есептегенде – 1-2 қабатты құрылыстағы үйлер үшін 125 килограмм, 3-4 қабатты құрылыстағы үйлер үшін 7 2 к и л о г р а м м .

Статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Шахтинск аумағының аймағында қалыптасқан көмір бағалары тұрғын үй көмегін е с е п т е г е н д е қ о л д а н ы л а д ы .

6. Күрделі жөндеуді төлеу, және отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум нысанының жалпы мүлігін күрделі жөндеуге жиналған жарнаны, жекешелендірілген тұрғын үйде (пәтерлерде) немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерді жалға алушыларға, коммуналдық қызметпен тұтынуға, газ және тығыз жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), жергілікті атқару ұйыммен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған жалгерлік ақыны төлеуге нормадан артық төлемдер жалпы негіздемелерге сүйеніп жүргізіледі.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

7. Тұрғын үй көмегі Шахтинск аумағының аймағында тұрақтап тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй көмегін алуға құқықтары жоғалтады.

9. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ төрт жасқа дейінгі және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй көмегін алуға құқықтары жоқ.

10. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй көмегі туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда

көмекке үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

11. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері, байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне, өтемақы өлшемдерімен қамтамасыз етілетін, шектік нормалы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалгерлік ақыға, газ және тығыз жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға, кондоминиум нысанының жалпы мүлігінің күрделі жөнделуіне қаражат жинауға жарналарға және (немесе) күрделі жөндеуді төлеу сомасынан артуы тиіс емес.

12. Тұрғын үй көмегі ақшалай, қолма - қол ақысыз және аралас үлгіде ұ с ы н ы л а д ы .

Ақшалай үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй көмегінің төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қолма - қол ақысыз үлгісі осы қызмет түріне келетін тұрғын үй көмегінің сомасына тең сомаға коммуналдық қызметтердің әрбір түріне төлемдерді азайту түрінде белгіленеді. Әрбір қызмет түрі бойынша тұрғын үй көмегінің сомалары тұрғын үй көмегін алушының жеке шотына әрі қарай аударылу үшін қызметтерді жабдықтаушыларға тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті органмен а у д а р ы л а д ы .

Аралас үлгі осы қызмет түріне келетін тұрғын үй көмегінің сомасына тең сомаға (жәрдемақы алушының таңдауы бойынша - бір немесе бірнеше) қызметтің әрбір түрі үшін төлемдерді азайту түрінде белгіленеді. Әрбір қызмет түрі бойынша тұрғын үй көмегінің сомалары тұрғын үй көмегін алушының жеке шотына әрі қарай аударылу үшін қызметтерді жабдықтаушыларға тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті органмен аударылады. Тұрғын үй көмегінің қалған сомасы азаматтардың салымдары бойынша шоттарға аудару жолымен тұрғын үй көмегін беру бойынша уәкілетті ұйыммен ақшалай нысанда т ө л е н е д і .

Тұрғын үй көмегін төлеу түрін таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол а қ ы с ы з) а л у ш ы ғ а б е р і л е д і .

Кондоминиум нысандарының жалпы мүлігін күрделі жөндеуге қаражат жинауға жарналар және (немесе) күрделі жөндеуге мақсатты жарналарға келетін тұрғын үй көмегінің сомалары кондоминиум нысанының арнайы жинақтаушы шотына тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті органмен аударылады. Жинақтаушы шоттардан қаражаттарды мақсатты пайдалануға жауапкершілік кондоминиум нысанын басқару органына жүктеледі.

13. Уәкілетті органның тұрғын үй көмегін алғаннан кейін бір ай ағымында телекоммуникация желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің

ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерінің, өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін, нормасы шегінде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемінің, газ және тығыз жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға, кондоминиум нысанының жалпы мүлігінің күрделі оңдалуына қаражат жинауға жарналарға және (немесе) күрделі жөнделуіге нақты төлемдерді белгісіз себептермен (ауру, уақытша болмау және т.б.) төлемеген азаматтарға тұрғын үй көмегін тағайындаудан бас тартуға және тоқтатуға құқығы бар. Көмектен бас тарту және тоқтату туралы мәселе тұрғын үй көмегін алушыны шақыртумен арнайы комиссиямен қарастырылады.

14. Тұрғын үй көмегі төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

15. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш беруші тұратын жері бойынша уәкілетті органнан хабарласады және осы Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес, өтініштің бланкісін тегін алады.

16. Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі;
- 4) белгіленген үлгідегі отбасы мүшелерінің табыстары туралы мәліметтер (2 қосымша) және оларды растайтын құжаттар (әлеуметтік жәрдемақылар, зейнетақылар, жалақылар туралы анықтамалар, пошталық аудармдардың квитанциялары және т.б.), белгіленген үлгідегі қосалқы шаруашылықтың бары туралы мәліметтер, жұмыссыздар жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органның анықтамасын ұсынады;

5) телекоммуникация желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерінің, өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін, нормасы шегінде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемінің, газ және тығыз жағармай алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға, кондоминиум нысанының жалпы мүлігінің күрделі оңдалуына қаражат жинауға жарналарға және (немесе) күрделі оңдауды нақты төлемдерді төлеуге шығындар туралы шоттар.

17. Кондоминиум нысанының жалпы мүлігін күрделі жөндеуге қаражат жинауға жарналар және (немесе) күрделі жөндеу шығындарын өтеу кезінде кондоминиум нысанының жалпы мүлігін күрделі оңдауға қаражат жинауға жарналар және (немесе) күрделі жөндеуге мақсатты жарналардың көлемі туралы шот ұсынылады.

18. Кондоминиум нысанының жетекшісінің қолымен және мөрімен бекітілген шот пәтер жалдаушылардың (қосалқы жалдаушылардың) және иелердің жалпы жиналыстарында бекітілген және жергілікті орындаушы органмен (тұрғын үй

инспекциясымен) келісілген кондоминиум нысанының жалпы мүлігін күрделі жөндеуін бөлек түрлерін өткізуге шығындардың сметасы негізінде кондоминиум нысанының басқару органымен көрсетіледі.

19. Телекоммуникация желісіне байланыс қызметтеріне, яғни телекоммуникация жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің өсуіне, қатты жағармай және газ алуға (пешпен жылытатын үйлер үшін), коммуналдық қызметтерді тұтынуға шығындарды өтеу кезінде келесі құжаттар ұсынылады:

коммуналдық қызметтерді тұтынуға жабдықтаушымен ұсынылған шоттар; тұрғын үй көп пәтерлі үйлерде (ғимараттарда) немесе жеке тұрғын үйде орталықтандырылған жылудың болмау жағдайында газ (квитанция) және жағармай алуды растайтын (жабдықтаушы-ұйымның мөрімен және лауазымды тұлғаның қолымен бекітілген, алынған көмірдің көлемі және бағасы, жабдықтаушының және сатып алушының толық реквизиттарын көрсетумен мекен-жайы, ЖСН, сатып алушының тегі, аты, әкесінің аты, банктік және салық реквизиттары жабдықтаушы-ұйымның орналасу жері және атауы көрсетілген көмірді сатуға шот немесе жүкқұжат) құжат ұсынылады; өтініш берушінің қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненті екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі.

20. Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдамалы төлемге шығындарды өтеу кезінде жалгерлік ақының көлемі туралы жергілікті орныдаушы органмен берілген шот ұсынылады.

Егер қызмет жабдықтаушысы алушыларға шот ұсынбаса және жалпы келісім негізінде жұмыс істеген жағдайда өтініш беруші 3 қосымшаға сәйкес қызметті ұсыну туралы жабдықтаушымен толтырылған мәліметтерді ұсынады.

21. Уәкілетті органның маманымен құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері салыстырылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады, ал өтініш белгіленген үлгідегі мәліметтерді, қажетті көшірмелерді және басқа құжаттарды қоса беріп тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша өтініштердің журналында тіркеледі. Тұрғын үй көмегіне құқықты айқындау кезінде отбасында сәйкестіктегі құжатпен расталатын, басқа қалада уақытша тұратын тұлғалар есептелмейді.

22. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй көмегін алушының жеке ісіне тіркеледі.

23. Тапсырылған құжаттарды өтіну мерзімінен бастап 10 күн ағымында қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй көмегін беру жөнінде келісім-шарт жасалады (4 қосымша). Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй көмегін

алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй көмегін беру үшін негіз
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тұрғын үй көмегі қажетті құжаттармен бірге өтініш беру айынан бастап 6 айға дейінгі мерзімге отбасы құрамы туралы және табыстары туралы мәліметтерді тоқсан сайын ұсынумен тағайындалады. Отбасы құрамы туралы және табыстары туралы мәліметтерді ағымдағы тоқсанның ағымында, себептерге байланыссыз, ұсынбаған отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеу тоқтатылады және құжаттарды ұсынғаннан кейін жаңартылады. Отбасы құрамы туралы және табыстары туралы мәліметтерді келісімнің әрекеттегі мерзімі аяқталғанға дейін ұсынбаған отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеу қалған айларға өңделмейді.

Уәкілетті мемлекеттік органмен, қызмет берушілермен немесе өтініш берушімен ұсынылған өтіну бойынша өтініш берушіге берілетін түбіртектің нақты өңделген шығындар бойынша тұрғын үй көмегін аудару ай сайын өңделеді . Қатты жағармайды сатып алуға шығындарды есептеу келісімнің әрекет мерзіміне шығындар сомасын ай сайын бірқалыпты үлестіру жолымен жағармай сатып алу нақтылығын растайтын құжат негізінде өңделеді.

24. Өтініш беруші әрекеттегі заңнамаға сәйкес ұсынылатын құжаттардың растығына және қате мәліметтерді ұсынуға жауапты.

25. Тұрғын үй көмегін алушыларға 15 күн ағымында тұрғын үй көмегінің көлеміне немесе алу құқығына әсер ететін жағдайлар туралы уәкілетті мемлекеттік органды ақпараттандыру қажет.

26. Қоғамдық-төленетін жұмыстарға қатысудан бас тартқан немесе өз беттерімен оқуды тоқтатқан немесе ұсынылған жұмыстан бас тартқан жұмыссыз азаматтары бар отбасылар осы көрсетілген жағдайлар болған айдан бастап тұрғын үй көмегін алуға құқығынан айырылады, ал артық төленген сомалар өздігімен немесе заңнамада көрсетілген тәртіп бойынша қайтарылуы қажет.

27. Коммуналдық қызметтерге тарифтердің және үлестердің, коммуналдық қызметтерді және тұрғын үйді ұстауға төлемдерді төлеуге отбасының шекті-ұйғарынды шығыстар үлесінің өзгеруі кезінде сәйкестіктегі өзгерістер басталған мерзімінен бастап алдында тағайындалған көмектің қайта есептелуі ө н д е л е д і .

28. Жоғары мөлшерде тұрғын үй көмегін тағайындауға және төлеуге немесе тұрғын үй көмегін ұсынуға негізсіз келісім жасауға әкеліп соқтырған жалған мәліметтер ұсыну жағдайында өтініш беруші арнайы комиссияның қорытындысының негізінде бір жыл ағымында тұрғын үй көмегін алуға құқығынан айырылады, ал тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар заңнамамен белгіленген тәртіпте немесе өз еркімен қайтарылуы қажет.

4. Жалпы табыстарды есептеу

29. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

30. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есеп кезеңінде өзгерістер болған отбасының жалпы табыстарын есептеу кезінде келесі тоқсанның бірінші айынан бастап отбасының келген (кеткен) мүшесінің табыстары есептеледі (есептелмейді).

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

32. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

33. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және т.б. бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

34. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағасы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

35. Орташа жан басына шыққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

5. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері

36. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі

т а б ы с ;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

5) өз еркімен айтылған өзге де табыстар.

37. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік мекенжайлық әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй жәрдемақысы;

3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

6) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін элемент;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай көрсетілген көмек түрлері:

дәрілік препараттар;

шипажай-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық құралдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері;

11) ақшалай және заттай түрлі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласында білім беру ұйымдарында оқытылатын аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін материалдық және қаржылай көмек;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджеттен және басқа да көздерден азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуіне байланысты аз қамтылған азаматтарға көрсетілген ақшалай немесе табиғи түрдегі көмек.

38. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай түрде алынған
табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда:
жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ
ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар
(Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге
қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай
соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);
демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек
демалысы үшін ақшалай өтемақы;
ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның)
қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда
жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;
уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі
жалақы.

Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны
алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы
болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;
сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;
бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы
есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа
да төлем түрлері;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда,
әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп
жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы
адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының
үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі;
жалға алу бойынша еңбекті төлеу;
көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп
таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:
Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық
кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық
түрлері, оларға өтемақы төлемдері;
мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және
жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;
жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше

зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар ;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар ;

18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы төлемдері;
үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру ;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия ;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар ;

1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Ереженің 37-тармағының 10 тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар мен қосымша ақылар .

39. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сома қосылады .

40. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша (мердігерлік және басқа) жұмыстарды орындайтын адамдардың табысы шарт қолданылатын бүкіл кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс, жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық табыста есепке алынады .

41. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша, оның ішінде ғылыми, әдеби және өнер туындыларын және т.б. жасауға, шығаруға, орындауға немесе өзге де пайдалануға алынған, осы шарт есебіне аванспен төленетін сыйақылар аванс берудің бүкіл кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады, ал қалған сома

шарттың аванс бергеннен кейінгі қолданылу кезеңіне (ай сайын тендей үлеспен)
е с е п к е а л ы н а д ы .

42. Авторлық сыйақылар (шарттар болмаған кезде), сондай-ақ жаңалық ашқаны, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар жиынтық табысқа сыйақы сомасын ол алынған айлардың санына бөлуден алынған үлес мөлшерінде қосылады және есепті кезеңге келетін айлардың с а н ы н а к ө б е й т і л е д і .

43. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

44. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыстар:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған. Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қ о с ы л а д ы ;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

45. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды. Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қ о с ы л а д ы .

46. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен р а с т а л а д ы .

47. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде р а с т а л а д ы .

48. Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

49. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде

жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

50. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда сот орындаушысымен берілген алименттер бойынша қарыздар туралы анықтама немесе жеке өтініші және орындау парағының негізінде жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі.

51. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

52. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті есепке алмай есептеледі.

53. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады.

54. Жалпы табыстың құрамына жеке қосалқы шаруашылықтың табыстары қосылады (үй малын, құсын, өсіруден, ауыл шарушылық өнімдерін (гүл) өсіруден).

55. Жалпы табыста есептелетін жеке қосалқы шаруашылықтың табыстары (үй малын, құсын, өсіруден, ауыл шаруашылық өнімдерін (гүл) өсіруден) өздігімен берілген мәліметтер негізінде әр отбасы бойынша есептеледі.

56. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Ережеге 5, 6, 7, 8 қосымшалардың негізінде есептейді.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

57. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 килограмм өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Ережеге 2, 3-қосымшаларға сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

58. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есептеу кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық

статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

59. Осы Ережеге 7 қосымшаға сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және т.б.) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

60. Осы Ереженің 53 тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына көбейтіледі.

61. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

62. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін

(құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

63. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

64. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.

65. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
1 Қосымша

Өтініш

Өтініш берушіні қосқанда _____ адамнан тұратын менің отбасыма тұрғын үй көмегін есептеуді сұраймын.

Мен және менің отбасымның мүшелері біздің отбасы мүшелерінің табыстары туралы мәліметтерді тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті мемлекетті органға беруге біздің келісіміміз ретінде жеке және заңды тұлғаларға ұсыныла алатын табыстар туралы ақпаратты ашуға келісім береміз.

Мен, тұрғын үй көмегін заңсыз немесе жоғары тағайындауға әкеліп соқтыратын жалған мәліметтерді тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті мемлекеттік органға ұсынғаным үшін бір жыл ағымында тұрғын үй көмегін алуға құқығымнан айырылатыным, ал тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылу керектігін түсінемін және 15 күн ағымында жалпы табыстар немесе отбасы құрамы, тұрғын үй жеке меншік нысанының түрлі өзгерістері туралы хабарлауды міндеттенемін.

Тұрғын үй көмегінің алынған сомаларын есептерге сәйкес қызмет ұсынушының шоттарына уақытылы аударуға міндеттенемін.

Жалған мәліметтер және жасанды құжаттар ұсынған үшін жауапкершілік жөнінде ескертілдім.

Өтініш берушінің мәліметтері

Өтініші берушінің Ә.Ж.Т. _____
Жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтері _____
Туған мерзімі _____ куәліктің N және беру уақыты _____
ЖСН _____ СТН _____ ӘЖК _____
Екінші деңгейдегі банктегі шот _____ N _____
Табыс түрі _____
_____ зейнетақы, жалақы, стипендия және т.б.
Өтініште көрсетілген басқа табыстар жоқ
Тұру ауданы _____, көше _____
N _____ үй, N _____ пәтер телефон _____
Иегерлік _____ Түрі _____
КСУ, КСК, және т.б. жеке меншік, мемлекеттік
Жалпы көлемі _____ шаршы м. Қосымша көлемі _____ шаршы м.
бөлмелер саны _____
" _____ " _____ 20__ ж Өтініш берушінің қолы _____
Қ ұ ж а т т а р қ а б ы л д а н д ы :
" _____ " _____ 20__ ж _____
қ о л ы (құжат қабылдаған лауазымдық тұлғаның Ә.Ж.Т.)
_____ к е с у с ы з ы ғ ы
_____ азаматының өтініші _____ данада қоса берілген
қ ұ ж а т т а р м е н
Отбасының тіркеу нөмірі _____
_____ қолы (құжат қабылдаған лауазымдық тұлғаның Ә.Ж.Т.)
" _____ " _____ 20__ ж қабылданды
Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
2 Қосымша

20__ ж тоқсанында өтініш берушінің отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы МӘЛІМЕТТЕР

(Ә.Ж.Т.)		(мекен-жайы, телефон)	
		Табыстардың құжаттық расталған сомалары	Басқа көрсетілген табыстары

Отбасы мүшелерінің Ә.Ж.Т.	Оқу, жұмыс орны	Табыс түрі	Сома, теңге	Табыс түрі	Сома, теңге

" _____ " _____ 20__ ж Өтініш берушінің қолы _____
Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
3 Қосымша

Коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындар туралы МӘЛІМЕТТЕР

Төлеуші _____

Мекен-жайы _____

Жалпы аумақ _____ шаршым. бөлмелер саны _____

Үйдің жалпы мінездемесі _____

(газ, лифт, ыстық су)

шот N _____ Халық банкінің филиалы _____

Төлем түрі	Тариф	есептелді	Ұйымның мөрі
1. Жылу			
2. Суық су			
3. Кәріз			
4. Эл.қуаты			
5. Газ			
6. Қоқыс шығару			
7. Телефон			

Маманның қолы _____

Қабылдау мерзімі _____

Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
4 Қосымша

Тұрғын үй көмегін ұсынуға N КЕЛІСІМ

" _____ " Шахтинск қ.

"Шахтинск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ, әрі қарай "Қалалық бөлім" деп аталатын, _____

_____, тұлғасында бір тараптан, және иесі (жалдаушысы) _____
_____ екінші тараптан төмендегі туралы
о с ы к е л і с і м д і ж а с а д ы :

1. Тұрғын үй иесінің (жалдаушының) ұсынылған құжаттары негізінде
Қалалық бөлім _____ адамнан тұратын отбасы бар _____

_____ теңге _____
_____ тиын сомасында (_____

теңге _____ тиын) ақшалай (қолма қол ақысы, аралас) түрінде осы келісімге
қол қою мерзімінен бастап 6 айға дейінгі мерзімге тұрғын үй көмегін ұсынады.
Тұрғын үй көмегінің сомасы отбасының жалпы табыстары мөлшеріне және
тұрғын үйге жалға алу төлемінің, телекоммуникация қызметтеріне абоненттік
төлемдердің, коммуналдық қызметтерге нақты шығындардың өзгеруі кезінде
ө з г е р т і л е а л а д ы .

2. Тұрғын үй көмегін алушы тұрғын үй көмегі болған кезде оны ай сайынға
есепке сәйкес жалға алу төлеміне, телекоммуникация қызметтеріне төлеуге
аударымдарды ө н д е у г е м і н д е т т е н е д і .

3. Тұрғын үй көмегін алушы 15 күн ағымында отбасы құрамы және оның жалпы
табыстары, тұрғын үй меншігінің нысанының түрлі өзгерістері туралы Қалалық
бөлімді а қ п а р а т т а н д ы р у ғ а м і н д е т т е н е д і .

4. тұрғын үй иесі (жалдаушысы) сынған тұрғын үй көмегін заңсыз немесе
жоғары алуға әкеліп соқтырған Қалалық бөлімге ұжалған мәліметтер үшін бір
жыл ағымында тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады, ал тұрғын үй
көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар заңнамамен белгіленген тәртіпте
қ а й т а р ы л у ы қ а ж е т .

5. келісім екі данада жасалды, біреуі тұрғын үйдің иесінде (жалдаушысында)
с а қ т а л а д ы .

6. Тұрғын үй көмегінің есебі қоса беріледі.

7. Осы келісім тұрғын үй көмегін ұсыну үшін негіз болып табылады.

8. Осы келісім бойынша пайда болатын даулар әрекеттегі заңнамаға сәйкес
шешіледі.

"Шахтинск қаласының _____ Тұрғын үйдің иесі
жұмыспен қамту және _____ (жалдаушы)
_____ әлеуметтік бағдарламалар
_____ б ө л і м і " М М

_____ _____
_____ _____
Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
5 Қосымша

Қарағанды облысының табиғи жағдайы бойынша әкімшілік-аумақтық аудандардың ТІЗБЕСІ (күрғақ дала аумағы)

1 .					Н ұ р а
2 .					Қ а р қ а р а л ы
3 .					О с а к а р о в
4 .					А б а й
5 .		Б ұ қ а р			ж ы р а у
Қ а р а ғ а н д ы					қ а л а с ы
С а р а н ь					қ а л а с ы
Ш а х т и н с к					қ а л а с ы
Теміртау қаласы					

Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
6 Қосымша

Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасынан орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа еңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ.х 4-бағ.)	1 сотка жерден т табыс (+), шығы теңге (5-бағ-3-ағ.
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			

Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

Мал шарушылығын өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі , теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңге (2-бағ.х 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (3-бағ.-3-ағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 яиц	728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелеріне
7 Қосымша

АЗЫҚ-ТҮЛКТЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҮЙ МАЛДАРЫ МЕН ҚҰСТАРЫНЫҢ ЖАСЫ

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

**Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің
ҮЛГІ ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ**

Ө т і н і ш б е р у ш і н і ң

Т.А.Ә. _____

Үйінің мекен-жайы _____

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Барлығы: табыс	X	X	X	

" " _____ 20__ ж.

(өтініші берушінің қолы)

(Есепті орындаған тұлғаның қолы Т.А.Ә. _____)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК